

## "Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 29 тамыз N 1318

"Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің банкрот деп танылуына байланысты және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067\_ Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының берілген мемлекеттік кепілдігіне орай республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. М ы н а л а р д ы :

- 1) "Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүліктік кешенін бірыңғай лотпен сатуды;
- 2) үшінші кезектегі несие берушілер талаптарының және әкімшілік шығыстардың сомасынан төмен емес бірыңғай лоттың ең төмен бағасын белгілеуді;
- 3) өндірістің технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз етуді;
- 4) конкурстық басқарушыға өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында шарттар жасасу құқығын беруді көздейтін конкурстық массаны сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Конкурстық массаны сатып алушыларға мынадай қосымша талаптар белгіленсін:

- 1) Сатып алушыда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген мүліктік кешенді пайдалану жөніндегі инвестициялық бағдарламаның болуы;
- 2) 1995 жылғы 24 наурызда берілген N 22-3/34016 мемлекеттік кепілдікке орай сатып алушының республикалық бюджеттен оқшауландырылған 48000000 (қырық сегіз миллион) неміс маркасы мөлшеріндегі қаражатты 2001 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2017 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезеңде 17 жыл ішінде қайтару жөнінде м і н д е т т е м е л е р қ а б ы л д а у ы ;

3) "Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлерімен бірге еңбек шарттарының үздіксіздігін қамтамасыз ету.

3. "Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мүліктік кешенін сату кезінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындауына бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

4. "Ақмола Жаңа Құрылыс индустриясы" акционерлік қоғамының кейбір

мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 маусымдағы N 775

Р 9 9 0 7 7 5 \_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.